

Клиенттерге хабарлама

1. «Фридом Финанс» АҚ-тың клиенттеріне қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар туралы хабарлады, онда брокерлік шарт жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілген аталған шартқа сәйкес жасалуы (жасалған) болжанады:

Осымен «Фридом Финанс» АҚ (бұдан әрі – Компания) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларын, брокердің және (немесе) дилердің банк операцияларын жүргізу тәртібінің 19-тармағын орындау үшін, Сізге қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар туралы хабарлайды, онда брокерлік шарт жасалғаннан кейін қолданысқа енгізілген аталған шартқа сәйкес жасалуы (жасалған) болжанады:

«19-т. Брокер және (немесе) дилер клиентті осы клиенттің есебінен және оның мүддесіне орай жасау болжанатын қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты белгіленген шектеулер мен айырықша талаптар туралы хабардар етеді.

Осы клиенттің есебінен және оның мүддесіне орай жасау болжанатын қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты белгіленген шектеулер мен айырықша талаптар туралы клиентке хабардар ету брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарында белгіленген нысанда ресімделеді және брокердің және (немесе) дилердің интернет-ресурсында және (немесе) сауда платформасында (бағдарламалық қамтамасыз етуінде) орналастырылады және (немесе) электрондық поштамен немесе немесе өзге мүмкіндігі бар байланыс түрлерімен осындай хабарламаны жіберу негіздемесі туындаған күні жіберіледі.

Егер клиенттің есебінен және оның мүддесіне орай жасау болжанатын мәміленің талаптары Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның [56-бабында](#) белгіленген талаптарға сәйкес келетін болса, клиентке осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламаны жібере отырып, брокер және (немесе) дилер бір мезгілде уәкілетті органға осы хабарламаның көшірмесін жібереді».

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі N 461-ІІ Заңының (бұдан әрі – Заң) 56-бабының 1-тармағына сәйкес, бағалы қағаздар нарығының субъектілеріне қатысты мынадай тыйымдар белгіленген:

1) бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздар нарығындағы іс-қимылын өзгерту мақсатында оларға кез келген нысанда ықпал етуге;

2) бағалы қағаздар нарығында қалыптасатын ахуалға ықпал ету мақсатында анық емес мәліметтер таратуға;

3) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауға;

4) инсайдерлік ақпаратты таратуға және (немесе) оны пайдалана отырып мәмілелер жасауға тыйым салынады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарын бұзған тұлғалар осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілені сот мүдделі тұлғалардың талап қоюы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Заңның 56-бабының 5-тармағына сәйкес, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің бағалы қағаздарға бағаларды сұраныстың және (немесе) ұсыныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленген бағалардан жоғары немесе төмен белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға және (немесе) бағалы қағаздар сұранысына және (немесе) ұсынысына және (немесе) бағасына қатысты анық емес және (немесе) жаңылыстыратын ұсыныс қалыптастыруға және (немесе) бағалы қағазбен сауда көрінісін жасауға бағытталған, мыналар:

1) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздарды сатып алуға және (немесе) сатуға мәміле жасау және (немесе) өтінімді жариялау;

2) бағалы қағаздар, олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздар эмитенті, ол жүзеге асыратын қызмет туралы анық емес және (немесе) жаңылыстыратын ақпаратты кез келген тәсілмен тарату арқылы жасалған әрекеттері бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау фактілерін анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдауға жатады.

Бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің және өзге де тұлғалардың өзге қаржы құралдарына қатысты әрекеттері айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп анықтау тұрғысынан мониторингтеуге және талдауға жататын шарттар уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде айқындалады

Заңның 56-бабының 6-тармағына сәйкес, өзге қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер айла-шарғы жасау мақсатында жасалған ретінде ұйымдастырылған нарықта жасалған бағалы қағаздарды анықтау мәніне мониторинг пен талдауға жататын тәртіп пен талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында айқындалады.

Заңның 56-1-бабының 4-тармағына сәйкес, мыналарға:

1) бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасаған кезде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші бір адамдарға беруге немесе үшінші бір адамдар үшін қолжетімді етуге;

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

Заңға сәйкес, инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар, (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат танылады.

Заңның 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес, мына адамдар инсайдерлер болып танылады:

1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар эмитент қызметкерлері;

2) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар;

3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес эмитентке қызметтер көрсететін басқа да адамдар;

4) эмитент шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;

5) сауда жүйесінде эмитенттің бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын қор биржасы директорлар кеңесінің және листинг комиссиясының мүшелері;

6) өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;

7) мүшелері эмитенттер болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;

8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлері;

9) осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.